



9 сәуір 2026 жыл

**“МӘДЕНИЕТ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ
АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ПРОДЮСЕРЛЕУ”
(э.ғ.к., доцент Т.Г. Климованың 75 жылдық мерейтойына арналған)
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның**

ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Осы “Мәдениет экономикасының дамуы контекстіндегі арт-менеджмент және продюсерлеу” атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны дайындау және өткізу тұжырымдамасы іс-шараның мақсаттарын, міндеттерін, тақырыптық бағыттарын, өткізу форматын және регламентін айқындайды.

Конференция мәдениет пен өнер саласындағы басқару және продюсерлік қызметтің заманауи үдерістерін ғылыми тұрғыдан зерделеу, сондай-ақ креативті индустриялар мен жалпы мәдени секторды дамытудағы мәдениет экономикасының рөлін талдау мақсатында өткізіледі.

Ұйымдастырушылар

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының
«Арт-менеджмент және продюсерлеу» кафедрасы
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 127
www.kaznai.kz

Мәртебесі мен қатысушылары

Іс-шара халықаралық ғылыми-тәжірибелік мәртебеге ие.

Конференцияға қатысуға шақырылады:

- мәдениет экономикасы, арт-менеджмент және продюсерлік қызмет саласындағы ғалымдар мен зерттеушілер;
- мәдениет және өнер ұйымдарының өкілдері;
- креативті индустриялар саласының мамандары;
- продюсерлер, арт-менеджерлер, мәдени жобалар жетекшілері;
- мәдениет саласындағы мемлекеттік басқару органдарының өкілдері;
- көрсетілген тақырып бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген докторанттар, магистранттар мен білім алушылар.

Конференцияға Қазақстаннан, ТМД елдерінен, Еуропадан және басқа да өңірлерден ғылыми және кәсіби қауымдастық өкілдерінің қатысуы жоспарлануда.

Өткізу күні

9 сәуір 2026 жыл

Ресми құжаттар

- Конференция тұжырымдамасы
- Конференция бағдарламасы
- Конференция материалдарының жинағы

Өткізу форматы

оффлайн, онлайн

Ақпараттық қамтамасыз ету

- Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ресми сайтында ақпаратты орналастыру
- Конференция туралы ақпаратты және материалдар жинағын электрондық пошта арқылы тарату



9 сәуір 2026 жыл

Контекст

Әлеуметтік-экономикалық үдерістердің трансформациясы және креативті индустриялардың дамуы жағдайында мәдениет пен өнер барған сайын тек рухани өндіріс саласы ретінде ғана емес, сонымен қатар тұрақты даму әлеуеті жоғары экономиканың маңызды секторы ретінде қарастырылуда.

Қазіргі мәдени үдерістер мәдени ұйымдардың тиімді жұмыс істеуін, шығармашылық жобаларды жүзеге асыруды және өнерді экономикалық кеңістікке интеграциялауды қамтамасыз ете алатын жаңа басқарушылық тәсілдерді, кәсіби арт-менеджмент пен продюсерлікті талап етеді.

Мәдениет экономикасы гуманитарлық білім, басқару технологиялары және нарықтық тетіктер тоғысында қалыптасады, бұл мәдени өндіріс, мәдени игіліктерді тарату және тұтыну мәселелерін кешенді ғылыми тұрғыдан талдау қажеттілігін өзекті етеді.

Бұл үдерістерде шығармашылық идея мен оның практикалық іске асырылуының, мәдени құндылық пен экономикалық тұрақтылықтың арасын байланыстыратын буын ретінде арт-менеджмент пен продюсерлік қызмет ерекше рөл атқарады.

Осы тұрғыда «Мәдениет экономикасының дамуы контекстіндегі арт-менеджмент және продюсерлік қызмет» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізу кәсіби диалог қалыптастыруға және тәжірибе алмасуға бағытталған өзекті ғылыми әрі практикалық міндет болып табылады.

Конференцияны өткізу Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының “Арт-менеджмент және продюсерлеу” кафедрасының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Татьяна Георгиевна Климованың 75 жылдық мерейтойына арналады. Ол экономика және басқару саласындағы ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламаларын дамытуға елеулі үлес қосты.

Негізгі шаралар

Конференция аясында пленарлық отырыс және 3 секцияның жұмысы жоспарлануда:

- 1-секция. Мәдениет экономикасы және креативті индустриялар контекстіндегі арт-менеджменттің заманауи стратегиялары (басқару, институционалдық модельдер, рөлдердің трансформациясы)
- 2-секция. Продюсерлік қызмет: жобаларды жасау, сүйемелдеу және ілгерілету тетіктері (театр, кино, музыка, фестивальдер, медиа, арт-жобалар)
- 3-секция. Креативті индустриялар: тәжірибелер, кейстер және шығармашылық үдерісті ұйымдастырудың жаңа формалары

Жұмыс тілдері

Қазақ, орыс, ағылшын

Пленарлық отырыс

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның пленарлық отырысы мәдениет экономикасы контекстіндегі арт-менеджмент пен продюсерлік қызметтің дамуының негізгі мәселелері мен перспективаларын талқылауға арналады.

Пленарлық отырыстың мақсаты – мәдени сала дамуына басқару мен продюсерлік қызметтің рөлін айқындайтын тұтас ғылыми көзқарас қалыптастыру, сондай-ақ болашақ зерттеулердің басым бағыттарын анықтау.



9 сәуір 2026 жыл

1-секция. Мәдениет экономикасы және креативті индустриялар контекстіндегі арт-менеджменттің заманауи стратегиялары (басқару, институционалдық модельдер, рөлдердің трансформациясы)

Секция аясында мәдениет экономикасы мен креативті индустриялардың дамуы жағдайында мәдени ұйымдарды, көркем үдерістерді және шығармашылық ұжымдарды басқаруға бағытталған кәсіби қызмет ретінде арт-менеджменттің заманауи тәсілдері мен стратегияларын талқылау көзделеді.

Мәдени ұйымдардың қызмет етуінің институционалдық модельдері, басқарушылық рөлдердің трансформациясы, сондай-ақ арт-менеджменттің мемлекеттік, нарықтық және қоғамдық құрылымдармен өзара іс-қимылы мәселелеріне ерекше назар аударылады. Секцияның негізгі назарында мәдени ұйымдар мен жобалардың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін тиімді басқарушылық шешімдерді іздеу тұр.

2-секция. Продюсерлік қызмет: жобаларды жасау, сүйемелдеу және ілгерілету тетіктері (театр, кино, музыка, фестивальдер, медиа, арт-жобалар)

Секция шығармашылық және мәдени жобаларды жүзеге асырудың негізгі элементі ретінде продюсерлік қызметті талдауға арналады. Секция аясында жобаның өмірлік циклының әртүрлі кезеңдерінде – идея мен тұжырымдаманы әзірлеуден бастап, оны ілгерілетуге және аудиториямен өзара байланыс орнатуға дейін – продюсерлік қызметтің тетіктері мен құралдары қарастырылады.

Секция қатысушылары театр, кино, музыкалық индустрия, фестиваль қозғалысы, медиа және арт-жобалар сияқты өнердің түрлі түрлері мен креативті индустриялардағы продюсерлік қызметтің ерекшеліктерін, сондай-ақ продюсерлерді кәсіби даярлау мәселелерін және мәдениет саласындағы пәнаралық өзара іс-қимылды талқылайды.

3-секция. Креативті индустриялар: тәжірибелер, кейстер және шығармашылық үдерісті ұйымдастырудың жаңа формалары

Секция аясында креативті индустриялардың дамуына қатысты өзекті тәжірибелер мен кейстерді, сондай-ақ цифрландыру, жаһандану және мәдени нарықтардың өзгеруі жағдайында шығармашылық үдерісті ұйымдастырудың жаңа формаларын талқылау көзделеді.

Креативті командаларды басқарудың табысты тәжірибелерін, еңбекті жобалық және желілік ұйымдастыру үлгілерін, сондай-ақ шығармашылық, технология және экономика арасындағы өзара байланыс мәселелерін талдауға ерекше назар аударылады. Секция креативті экожүйелерді дамытуға және мәдени өндірістің инновациялық модельдерін қалыптастыруға бағытталған ғылыми және практикалық тәжірибе алмасуға бағдарланған.

Іс-шараларды өткізу тәртібі

Конференция бағдарламасы қатысушылардан белгіленген мерзімде келіп түскен өтінімдер мен ұсыныстар негізінде қалыптастырылып, бекітіледі.

Пленарлық отырыстың регламенті: баяндамалар – 10 минутқа дейін.

Секциялардағы регламент: баяндамалар – 10 минутқа дейін.

МАТЕРИАЛДАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Материалдар электрондық форматта қабылданады. Мәтін Microsoft Word редакторында терілуі тиіс, көлемі 3–4 беттен аспауы керек, қаріп – Times New Roman, 12 пт. Жиіектері: жоғарғы және төменгі – 2 см, сол жақ – 3 см, оң жақ – 1,5 см. Бет бағыты – кітапша, формат – А4, абзацтық шегініс – 1,25 см, жоларалық интервал – бірлік. Бет бойынша төменгі ескертпелер (сноскалар) қолдануға болмайды. Беттер нөмірленбейді.

Негізгі мәтіннен кейін библиографиялық тізім беріледі (кемінде 5 дереккөз, ортасына қарай, қалың қаріппен, 10 пт). Негізгі мәтінде сызбалар, кестелер, суреттер, фотоматериалдар қолдануға рұқсат етіледі. Формулалар міндетті түрде Equation Editor редакторында орындалуы тиіс.

Электрондық нұсқада әрбір мақала жеке файлда ұсынылуы керек. Файл атауында бірінші автордың тегі мен секция нөмірі көрсетілуі қажет (мысалы, Тоқпан А_1-секция).



Материалды рәсімдеу үлгісі

МӘДЕНИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕГІ АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ

Токпан А.К.¹, Бабажанова Ж.А.²

¹ Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

² Қазақ ұлттық хореография академиясы

(бос жол)

Мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін.

Мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін... [1, 35-б.]

(бос жол)

Библиографиялық тізім

Молдашева А.К., Мусаева Н., Жазылбек А. Strategic planning in the management of cultural and art organizations // X. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің хабаршысы. – 2024. – №73(2). – С. 129–141. – DOI: 10.47649/vau.2024.v.73.i2.12.

Throsby D. Economics and Culture. – Cambridge : Cambridge University Press, 2001. – 208 p.

UNESCO. Culture for Sustainable Development. – Paris : UNESCO Publishing, 2018. – 112 p.

Конференцияға қатысу үшін өтінімді толтыру қажет. Конференцияға қатысуға арналған өтінімде автордың тегі, аты, әкесінің аты (толық), ел, қала, жұмыс орны туралы ақпарат, ғылыми дәрежесі, лауазымы, баяндама (мақала) тақырыбы, секцияның нөмірі мен атауы, байланыс телефоны, қатысушының электрондық пошта мекенжайы көрсетілуі тиіс.

Конференцияға қатысуға арналған материалдар 2026 жылғы 25 наурызға дейін қабылданады.

Баяндамалар тезистері мен конференцияға қатысуға арналған өтінімді материалдарды рәсімдеу талаптарына сәйкес жауапты тұлғаларға жолдау қажет. Өтінім келіп түскеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Ұйымдастыру комитеті авторға материалдардың қабылданғаны туралы электрондық пошта арқылы хабарлама жібереді. Егер қабылдау туралы хабарлама келмесе, материалдарды қайта жіберу қажет.

Конференция материалдарының дайын, тіркелген электрондық нұсқасы өтінімде көрсетілген электрондық поштаға барлық қатысушыларға тегін жолданады.

Байланыс деректері

Жалпы үйлестіру

Молдашева Анар Куанғалиевна

“Арт-менеджмент және продюсерлеу” кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., профессор

E-mail: 0707anar.moldasheva@gmail.com

Тел.: +7 705 791 49 69

Конференция материалдары жинағын қалыптастыру мәселелері бойынша:

Мусаева Айман Амангельдиевна

“Арт-менеджмент және продюсерлеу” кафедрасының доценті, э.ғ.к.

E-mail: a.mussayeva@kaznai.kz

Тел.: +7 702 802 35 52